«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кенжекожаева Ақботаның «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	«Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» тақырыбындағы диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес: - Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзектілігімен ерекшеленіп, ғылымға нақты үлес қосатынына сенімді түрде негіз бар. Зерттеу нәтижелері тақырыптың маңыздылығын дәйекті түрде көрсетіп, диссертацияда қарастырылған мәселелердің толық ашылғанын дәлелдейді. Мұны зерттеудің мақсаты мен міндеттерінен, сондай-ақ, қорғауға ұсынылған негізгі нәтижелер мен тұжырымдардан айқын көруге болады. Сондай-ақ, 2022 жылы «Қожанасырдың әзіл әңгімелері» Марокко, Рабат қаласында өткен

			ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі үкіметаралық комитетінің 17-сессиясы барысында адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізілуі де бұл бейненің түркі фольклорындағы өзектілігі мен маңызын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертацияда Қожанасыр бейнесі салыстырмалы контексте қарастырылып, маңызды ғылыми тұжырымдар жасалған. Зерттеу нәтижесінде Қожанасырдың туыстас түркі елдерінің ортақ мұрасы екені, сонымен қатар, түркі халықтарының сан ғасырлық тарихы, дүниетанымы, тыныс-тіршілігі мен ұлттық характерінің эволюциясы нәтижесінде фольклорлық бейнеге айналғаны анықталған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы маңызды ғылыми нәтижелерге қол жеткізіп қана қоймай, болашақта осы тақырып аясында жүргізілетін зерттеулер мен ғылыми жобалар үшін перспективті бағыттар мен жаңа мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу деңгейі жоғары. Докторант зерттеу барысында отандық және шетелдік дереккөздерді тиімді пайдаланып, зерттеу нысаны бойынша өзіндік ғылыми тұжырымдар қалыптастырған. Ізденуші зерттеу мәселелерін жүйелі түрде талдап, олардың өзара байланысын нақты айқындай білген. Ғылыми жұмыста академиялық жазу талаптары толық сақталып, стильдік ерекшеліктер мен ғылыми нормаларға сәйкес рәсімделген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыста ішкі бірлік және ғылыми тұтастық принципі толық сақталған. Зерттеу тақырыбының өзектілігі оның теориялық және практикалық маңыздылығымен тікелей айқындалып, ғылыми негізде дәлелденген. «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі»

			тақырыбындағы зерттеу жұмысы бүгінгі таңда үлкен өзектілікке ие. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасында Қожанасыр бейнесін ұлттық бірегейлік контексінде қарау ғылыми-фольклорлық зерттеулердің нысанасына айналуы қажет екені айрықша атап өтілуі де зерттеудің өзектілігін күшейте түседі. Жүргізілген зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттердің барлығы өзара логикалық байланыста жүзеге асырылған. Алынған нәтижелердің ішкі үйлесімділігі мен мазмұндық бірізділігі диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығын қамтамасыз етеді. Нәтижесінде зерттеу логикалық тұрғыдан аяқталған, ғылыми талаптарға толық сәйкес келетін еңбек болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын нақты айқындайды. Ізденуші тақырыпты жан-жақты ашу мақсатында кешенді ғылыми-зерттеу жүргізіп, зерттеу нысанына қатысты материалдарды мүмкіндігінше толық қамтыған. Зерттеу барысында жасалған ғылыми тұжырымдар нақты деректермен дәйектелген. Алынған нәтижелер диссертация тақырыбының мәні мен мақсатына толық сәйкес келеді. Диссертация мазмұны «Қожанасыр бейнесі және оның зерттелуі» және «Фольклордағы Қожанасыр бейнесінің типологиясы мен трансформациялануы» деп аталатын өзара тығыз байланысты екі тараудан тұрады. Зерттеу жұмысының негізгі тараулары мен тараушаларында қарастырылған мәселелер мазмұндық және құрылымдық тұрғыда біртұтас жүйені құрайды, бұл

			зерттеу нәтижелерінің ғылыми тұтастығы мен қисындылығын қамтамасыз етеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбының мазмұны мен өзектілігіне толықтай сай келеді. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – түркі халықтарының бай фольклорлық мұрасын, рухани тұтастығын танытатын күрделі әрі мәдени феномен Қожанасыр бейнесін кешенді зерттеу. Ізденуші аталған мақсатқа қол жеткізу үшін 8 міндет қойып, оларды жүйелі түрде орындаған. Зерттеу барысында диссертант аталған мақсат пен міндеттердің барлығын толық көлемде іске асырып, қойылған ғылыми мәселелердің шешімін дәйекті түрде негіздей алған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен жалпы құрылымында ішкі логикалық бірізділік пен тұтастық сақталған. Зерттеу материалының мазмұны кіріспе, екі негізгі бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Әрбір құрылымдық бөлім логикалық тұрғыда өзара байланысып, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сай мазмұндық үйлесімділікте құрылған. Диссертацияның жалпы құрылымы зерттеу логикасына сәйкес жүйеленіп, тақырыптың ғылыми тұтастығын және зерттеу нәтижелерінің дәйектілігін қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	Диссертанттың ұсынған жаңа ғылыми шешімдері (қағидаттары мен әдістері) нақты дәлелдермен негізделіп, бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырмалы түрде талданған және сыни тұрғыдан бағаланған. Зерттеу тақырыбы салыстырмалы әдісті қолдануды қажет еткендіктен, жұмыста кең көлемді сыни талдау жүргізілген. Бұл Қожанасыр бейнесінің қазақ және басқа түркі халықтарының

		4) талдау жоқ.	фольклорындағы ортақ және өзгеше қырларын, сондай-ақ, Қожанасырдың халық санасындағы дәстүрлі бейнесі мен қазіргі әдебиеттегі трансформациялық сипатын салыстыра талдау нәтижесінде алынған тұжырымдардан айқын көрініс табады. Докторант өз ой-пікірлерін фольклортанушы ғалымдардың ғылыми еңбектеріне сүйене отырып, оларды жаңа көзқарас тұрғысынан қайта пайымдап, жеке ғылыми ұстанымын нығайта түскен.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен ережелері толықтай жаңа. Докторант Қожанасыр бейнесінің қазақ және түркі фольклорындағы ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстырып, түркі халықтары мәдениетіндегі, қазіргі әдебиеттегі маңызын айқындаған. Қазақ және түркі (өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз, түрік) фольклорындағы Қожанасыр бейнесіне алғаш рет салыстырмалы талдау жүргізген. Қожанасыр бейнесінің түркі халықтары фольклорындағы жергілікті ерекшеліктері мен ортақ тұстарын айқындаған. Қожанасыр бейнесінің жаһандық даму үрдістеріне сәйкес өзгерістерге бейім екенін дәйекті түрде көрсете отырып, қазіргі әдебиеттегі трансформациясын саралаған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу нәтижесінде түркі халықтарының фольклорлық, әдеби және мәдени мұрасының ажырамас бөлігі деп танылатын Қожанасыр бейнесінің кешенді құрылымға ие екені және бірегейлігі дәйектелген. Аталмыш бейне үздіксіз трансформацияға, жаңалықтар мен дамуға бейім екені анықталған. Сонымен қатар, Қожанасыр түркі әлемінің ортақ құндылықтарын бір арнаға тоғыстырып, халықтар арасындағы рухани
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			сабақтастықты нығайту ісін бүгінгі таңда жалғастырып қана қоймай, келешекте де жалғастыруға қабілетті өміршең бейне екені айқындалған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелерді білім беру, гуманитарлық және әлеуметтік салалар бойынша зерттеулер мен жобалар жүргізу кезінде пайдалануға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияның барлық тұжырымдары ғылыми тұрғыдан негізделген, деректер базасы сенімді. Бұл гуманитарлық және әлеуметтік, өнер саласындағы зерттеу жұмыстары үшін жоғары сапа стандарттарына сәйкес келеді. «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» тақырыбындағы бұл зерттеу жұмысы Qualitative research ұстанымдарына негізделген. Аталған ұстанымдар қазақ және түркі халықтарының әдеби мұрасындағы Қожанасыр тұлғасының фольклорлық бейнесінің маңызын, сондай-ақ, оның уақыт ағымындағы өзгерісі мен түрлену үдерістерін терең талдауға мүмкіндік береді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1. Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. 7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысы барысында 11 мақала жарық көрген. Оның ішінде, Scopus базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда – 1, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы

		7.2 Тривиалды ма?	сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енетін журналдарда – 2, халықаралық және шетелдік конференцияларда 8 мақала жарияланған.
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста әдіснама негізделген, дәйектілік қағидаты қатаң сақталған. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін салыстырмалы-тарихи әдіс, құрылымдық-семантикалық әдіс, мәдени-релятивизм әдісі, философиялық және герменевтикалық әдіс, интермәтіндік талдау әдісі, сондай-ақ, зерттеу барысында жинақталған мәтіндердегі ортақ тақырыптар мен мотивтерді, өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтау мақсатында салыстырмалы және типологиялық талдау,
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	

			материалдарға шолу, мазмұндық, идеялық ерекшеліктерді сипаттау тәсілдері қамтиды. Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми әдістері басшылыққа алынған. Атап айтқанда, А.Лауд, А.Галланд, Г. Вуд, Д. Кантемир, Гр. Янский, Г. Майер, Ф.А.Брокгауз, Д.Форнетти, И.Куношь К.С.Давлетов, М.Тахмасиб, В.А.Гордлевский, А.Өртенланы, М.А.Султанов, Р.Дениз, Н.Б.Солтанова, Д.Фейзиев, С.Сакаоглу, И.Дакуки, Д.Кішібеков, С.Қасқабасов, С.Чыкла, М.Айдын, С.Қожагөз, М.Әуезов, Т.Қожакеев, С.Д.Коцюбинский, Т.Ажароглу, Х.Оразаев, С.Зухба, С.Х.Анчек, Ш.Х.Хут, А.Альптекин, С.Ердоған, Н.И.Кирей, А.А.Феррах, А.Захаров, С.Т.Юлдашева, И.Х.Данишменд, Ш.Курган, М.Харитонов, Э.Г.Вартаньян, Э.А.Шамотина, Г.Қортабаева, А.Кара, М.Думан, С.Ишык, Д.Чжу, С.Ли, Н.Нұртазина, Р.Бердібаев, Қ.Саттаров, С.Сейітов, Т.Қожакеев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Б.Адамбаев, А.Мусаев, П.Әуесбаева, А.Бейсенғалиева, А.Ахметбекова, Х.З.Ақназаров, М.Сатинбекова, Қ.Молдатаев, Б.Қанатқызы, М.Тевфик, Н.Аминов, А.Кашкарбеков, Ю.М.Оташ, Ф.Юлдашева, А.Кахор, Г.Гулом, Ш.Зунун, Х.Зарифов, К.Имамов, И.Озмен, Э.Солмаз, А.Рахман, К.Бату, М.Джангазиев, В.Челеби, Ф.Кёпрюлю, И.Х.Коньялы, П.Н.Боратав, И.Башгоз, С.Д.Сайерс, Ф.Туркмен, М.Экижи, Х.Дедебагы, А.К.Тежер, З.Байрактар, Я.Мадалиев, Г.Торусдаг, И.Айдын, Ф.Аслан, М.Ш.Болтаева, С.Фэн, М.Карачалы, А.Гюнвар, И.Эмре, С.А.Жомерт, Р.Ф.Буррил, О.Огузхан, И.Шах, А.Гокташ, Ш.Бойраз, Ч.Сюме, Э.Шеноджак, А.Умарходжаев, М.Атакан, Ю.Кыналы,

			А.Ф.Ариджы және т.б. ғалымдардың ой-пікірлері мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы заманауи ғылыми зерттеулердің әдістеріне сәйкес өңделген және интерпретацияланған, өз кезегінде бұл зерттеудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Фольклортану, әдебиеттану және түркі фольклоры және т.б. зерттеу салалары үшін диссертацияның ғылыми нәтижелері дереккөз ретінде жоғары құндылыққа ие.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Докторант зерттеу барысында Қожанасыр бейнесі, ол туралы туындыларды зерттеумен айналысқан отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми мақалалары, зерттеу еңбектері, монографиялары мен докторлық диссертацияларын талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл жұмыста жасалған сілтемелерден анық көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Докторант шетелдік және отандық кітапхана қорлары мен ғылыми орталықтардың материалдарын тиімді пайдаланған. Нәтижесінде пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 241 дереккөз ұсынылған.

9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ.	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері зерттеушілер, оқытушылар, ізденушілер мен білім алушылар үшін теориялық және практикалық құндылыққа ие. Алдағы уақытта түркі халықтарының мәдени интеграциясы мен түркі мұрасын дәріптеу мақсатында жүзеге асырылатын зерттеулер үшін әдіснамалық база ретінде бағыт-бағдар көрсетуге үлкен мүмкіндіктер ұсынады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс практикалық маңызға ие әрі алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін фольклортану, салыстырмалы әдебиеттану, түркітану, түркі әдебиеті, мәдениеттану, мәдениетаралық коммуникация және т.б. міндетті және элективті курстарда оқу материалы ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, мәдени мұраны насихаттауға бағытталған ауқымды шығармашылық, әлеуметтік және мәдени жобаларда қолдану мүмкіндігі кең.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Зерттеу нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтуға ықпал етеді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертанттың академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен рәсімдеу талаптарына сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыста техникалық, орфографиялық қателіктер, сондай-ақ, әдебиеттер тізімін рәсімдеуде кейбір қателіктер кездеседі. Алайда аталған ескертулер диссертациялық

			жұмыстың жалпы ғылыми құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп есептеймін.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысы барысында 11 мақала жарық көрген. Оның ішінде, Scopus базасында рецензияланған ғылыми басылымдарда – 1, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне енетін журналдарда – 2, халықаралық және шетелдік конференцияларда 8 мақала жарияланған. Осы мақалаларда диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары ұсынылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша Кенжекожаева Ақботаның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақ және түркі фольклорындағы Қожанасыр бейнесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензент:

PhD, Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің аға оқытушысы **А.Е. Алимбаев**

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ АСТАНА ҚАЛАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ